

Жаман әдеттер



Бөлім атауы: Жастар мәселесінің түйткілдері

Сабақтың тақырыбы: Жастар мәселесінің түйткілдері



Қазақ тілі мен әдебиеті
11 сынып
Кулькаева Г.Б.

Оқу мақсаты:

11.2.1.1 ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану;

Сабақтың мақсаты:

Ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтайды, ауызша мәтін құрауда орынды қолданады.

1. Бағалау критерийлері:

- - мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің мағынасын түсінеді;
- - ауызша мәтін құрауда күрделі, термин сөздерді дұрыс қолданады.

ОЙ ҚОЗҒАУ

Қазақстандық жастардың алдына қойған мақсаты қандай?

Ответ Отанға қызмет ету, білім алу, еңбек ету, адам болу.

Кейбір жастардың арасында қандай мәселелер бар?

Ответ Жаман әдеттермен айналысу

Қазіргі қоғамда қандай жаман әдеттер бар?

Ответ Темекі шегу, спирттік ішімдік үшу, нашақорлық

БҮГІНГІ САБАҚТЫҢ ТІРЕК СӨЗДЕРІ

- **нашақор** — есірткі қабылдайтын адам
- **қамсыздандыру** — жағдай жасау
- **мәңгүрт** — ақылынан айрылу
- **субмәдениет** — төменгі мәдениет
- **бұзақы** — тәртіпсіз, тәрбиесіз адам
- **түйткіл** — мәселе (проблема)

ОҚЫЛЫМ

Дені сау жастар – мемлекеттің болашағы. Сондықтан жастардың денсаулығын сақтауға көп көңіл бөлінеді. Жастардың денсаулығына кері әсер ететін факторлар бар. Олар темекі шегу, спирт өнімдерін ішу, нашақорлық сияқты әдеттер жатады. Мұндай жаман әдеттер отбасына да, бүкіл қоғамға да үлкен қасірет әкеледі. Спирт өнімдері жастардың денсаулығы үшін ғана емес, бүкіл ұлттың болашағына апат әкеледі. Әлеуметтік зерттеулер ересектер тұрмақ, 12 жастан асқан жасөспірімдер арасында темекі шегу әдеті кең тарағанын көрсетті. Темекіні көп шегу өкпе ауруларын тудырады.

Мамандардың айтуы бойынша, жыл сайын республикада 300 адам нашақорлықтан қайтыс болады екен. Қазіргі ресми санақ бойынша 54 мыңға жуық нашақор тіркеуде тұр. Жеке гигиенаның сақталмауынан нашақорлар жазылмайтын түрлі ауруға шалдығады, мүгедек болады. Ішімдік пен нашақорлық жастарды бұзақы, мәңгүр болуғы итермелейді.

Жастар арасындағы түйткілді мәселелердің бірі – түрлі субмәдениетке еліктеу. Латын тілінен аударғанда, субмәдениет «төменгі мәдениет» дегенді білдіреді. Субмәдениет жастардың еліктеуінен туады. Олардың ерекшелігі киімдері мен келбетінде: кейбіреуі металл тағылғын қара киім киеді; Кейбіреуі көзін де, шаш – тырнағын да қап –қара етіп бояп, беттеріне аппақ гримм жағады; енді біреуі шаштарын жалбыратып, түрлі түсті бояумен бояйды. Олардың сыртқы бейнесі ғана емес, өздерін ұстауы, сөйлеуі де өзгеше болады. Көбінесе жаргонмен сөйлейді. Мұндай ортада көбінесе жастарды жаман әдетке итермелейтін әрекет көп болады. Оларды нашақорлық пен бұзақылыққа, қылмыс жасауға, мәңгүрттікке итермелейді. Сондықтан Батыс елдерінен келген бөтен мәдениетке еліктемей, дәстүрлі мәдениетті дамыту керек.

Мәтін бойынша, жастардың денсаулығына әсер ететін факторлар жөнінде топпен жұмыс

темекі шегу,
нашақорлық



субмәдениет



спирт өнімдерін ішу



МӘТІН БОЙЫНША СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕРІҢІЗДЕР.

1. Мемлекет тарапынан жастарға қандай көңіл бөлінуде?
2. Ішімдік пен нашақорлық жастарды неге итермелейді?
3. «Субмәдениетке еліктеу» дегенді қалай түсінесіздер?
4. «Мәңгүрт» деген сөздің мағынасын қалай түсіндіңіздер?

ДЕСКРИПТОР

1. Мәтінді оқып түсінеді, ақпаратты анықтайды;
2. Мәтіннің стилі мен жанрын анықтайды
3. Берілген сөздердің мағынасын түсінеді;

1. Мемлекет тарапынан жастарға қандай көңіл бөлінуде?

Еліміздің болашағы – жастар. Сондықтан да ерекше көңіл бөлінеді.

2. Ішімдік пен нашақорлық жастарды неге итермелейді?

Жастарды бұзақылыққа, мәңгүрттікке итермелейді.

3. «Субмәдениетке еліктеу» дегенді қалай түсінесіздер?

Сыртқы бейнесінің өзгеруі ғана емес, өздерін ұстауы, сөйлеуі де өзгеше болады.

4. «Мәңгүрт» деген сөздің мағынасын қалай түсіндіңіздер?

Өзіне өзі есеп бермейтін, ақылынан айырылған адам.

- Темекі шегуден , ішімдіктен, есірткі және уытты заттардан бас тарту. Бұл зиянды әдеттер организмге әсер етіп, денсаулыққа зиян келтіреді.





ТАПСЫРМА

Берілген сөйлемнен шылауды анықтаңдар, қандай мағыналық ренк беріп тұрғанын түсіндіріңдер.

Кейбір жас адамдар түрлі субмәдениетке неге еліктейді?

Менің ойымша, кейбіреулері уақыт өткізу үшін еліктейді-**ау**. Ал кейбіреулері Батыс елдеріне еліктейді –**міс**. Субмәдениет қоғамды дамытпайды **ғой**. Мысалы, готтардың келбеті қорқынышты. Олардың түрі бала **тұрмақ**, үлкен адамдарды да шошытады.

ТАПСЫРМА

Ішімдік пен нашақорлық қандай жаман әдеттерге итермелейді?

ДЕСКРИПТОР

- өз ойларын айтады;
- жаман әдеттен аулақ болуды сезіне алады.

Ішімдік пен нашақорлық қандай жаман әдеттерге итермелейді?

- Өтірік айтуға, алдауға итермелейді;
- адам бойындағы жақсы қасиеттердің барлығын жойып жібереді;
- ата –анасына мейірімсіз болуға итермелейді;
- достарына қадірсіз, бұзақы, мәңгүт болуға итермелейді;
- оқуға ынтасы болмайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгінгі сабақтан не білдіңіз?
- Өзіңізге қандай ой түйдіңіз?
- Егер сіз осы айтылған (субмәдениет, нашақорлық, ішімдік) сияқты еліктеушілікке барсаңыз, не болатынын түсіндіңіз бе?
- Жастарға қандай кеңес берер едіңіз?

ҮЙГЕ ТАПСЫРМА

81 бет 4- тапсырма. Мәтiнен шылауларды тауып жазыңдар.
Субмәдениет өкiлдерiнiң қалай ерекшеленетiнi туралы шағын мәтiн жазыңдар және ауызша әңгiмелендер.

Дескриптор

Шылауларды қолданады;

Тiрек сөздердi басшылыққа алады;

Өз ойын еркiн жеткiзедi.